

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 318 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Michael Wilson and Partners, Ltd." компаниясы 2006 жылға "Судима Тайм ЛТД" және "Қазақстан Девелопмент Корпорейшн Лимитед" компанияларымен дауда Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар заң қызметтерін көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен: осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен заң қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды; осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ Заңның 21-бабының 3, 4-тармақтарын орындауды; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі